

Көктау ауылдық округі Көктау ауылының көше атауларын өзгерту туралы

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі 2009 жылғы 30 қарашадағы N 12 шешімі. Ақтөбе облысының Хромтау аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 10 желтоқсанда N 3-12-107 тіркелді

Ескерту. Шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі әкімінің 20.11.2017 № 24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Шешімнің деректемелерінде, атауында және мәтінінде "селолық" сөзі тиісінше "ауылдық" сөзімен ауыстырылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі әкімінің 28.07.2015 № 19 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14 бабына, сондай-ақ, Көктау ауылдық округіне қарайтын елді-мекен тұрғындарының пікірін ескере отырып, Көктау ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Көктау ауылдық округі әкімінің 20.11.2017 № 24 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Көктау ауылындағы елді мекендерге көше атауларын өзгертуге берілсін:

- 1) Геологическая көшесі - Геологтар көшесі
- 2) Набережная көшесі - Жағалау көшесі
- 3) Комарова көшесі - В. Комарова көшесі
- 4) Подхоз Юлия көшесі - Жастар көшесі деп қайта атау берілісін

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Көктау ауылдық округінің әкімі

Б. Жұмағалеев